


Бекітемін
ЖШС «NURSULTAN 7 ясли- сад»
Балабақшасының меңгерушісі
Тажиданова А.Т.



**ЖШС «NURSULTAN 7 ясли- сад бөбекжай балабақшасының жалпы ата-аналар
жиналысының тақырыптық жоспары 2025-2026 оқу жылы**

№	Тақырыбы	Өтілу әдісі	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Жаңа оқу жылындағы балабақшаның даму стратегиясы, мақсат-міндеттері және ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. - мақсаттары мен міндеттерінің ерекшеліктері; - балабақшаға бару ережелері мен тәртібі; Балабақшада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; -Балабақшада қосымша ақылы қызмет көрсету туралы ережелермен таныстыру. Қосымша жүргізілетін ақылы сабақтардың атауын бекіту. -Ағылшын -Логопед -Тұзды шахта -Тэквандо -Хореография Балабақшада ата-аналар комитетін құру; -шаруашылық қызметінің жоспары.	Жиналыс Тренинг	Менгеруші Медбике Педагог-психолог	Қыркүйек
2.	Ата-аналарға білім беру бағдарламасы: - бағдарламаны жүзеге асырудың ерекшеліктері; - ата-аналарға білім беру бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері мен негізгі ережелері; - ата-аналармен жұмыс формалары және бағдарламаны жүзеге асыру шеңберіндегі бірлескен іс-шаралар бағыттары	Жиналыс	Менгеруші Тәрбиеші	Желтоқсан

3.	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуы - Балабақшада балалардың танымдық дамуы бойынша жұмыстың мазмұны ; - мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту; - үйде инновациялық технологияларды қолдану;	Жиналыс	Менгеруші Педагог-психолог Тәрбиеші	Наурыз
4.	2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның тәрбиелік іс-әрекетінің нәтижелері; - 2025-2026 оқу жылындағы Балабақшада негізгі жалпы білім беретін бағдарламасының білім беру салаларындағы балалардың дамуын бақылау нәтижелері. жыл; -мектепке дейінгі мекеменің жазғы және келесі оқу жылындағы жұмысының болашағы туралы.	Жиналыс	Менгеруші Тәрбиеші	Мамыр

Балабақшасының менгерушісі  Тажиданова А.Т.

Бекіткен Республика
ЖШС «NURSULTAN 7» ясли- сад»
бөбекжай балабақшасы
Балабақшаның меңгерушісі
Тажиданова А.Т.



ХАТТАМА №1

ЖШС «NURSULTAN 7» ясли-сад, бөбекжай балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысы
Өткізілген күні: 12 қыркүйек 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «NURSULTAN 7» ясли- сад, бөбекжай балабақшасы АКТ залы
Қатысқандар: 92 ата-ана
Төраға: Тажиданова А.Т.
Хатшы: Калиева З.

КҮН ТӘРТІБІ

Жаңа оқу жылындағы балабақшаның даму стратегиясы, мақсат-міндеттері және ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
Балабақшада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Қосымша ақылы қызметтер туралы ақпарат беру бекіту.
-Ағылшын- Сандыбай Алина Болатбекқызы
-Логопед- Жанбекеева Аружан Рустембекқызы
-Тұзды шахта-Жумабисова Тазанур Орынбасаровна
-Тазквандо-Курмангалиева Асел Сериковна
-Хореография-Әбубакір Дина
Ата-аналар комитетін сайлау.
Шаруашылық қызметінің жоспарын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Тажиданова А.Т. сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның негізгі даму бағыттары, мақсаттары мен міндеттері туралы баяндады. Балаларды қабылдау, қатысу және күн тәртібін сақтау... ережелері түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша:

Медбике балалардың денсаулығын сақтау, санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау және қауіпсіздік шаралары жөнінде ақпарат берді. Ата-аналарға балаларды уақытылы медициналық тексеруден өткізу қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Педагог-психолог пен меңгеруші балабақшадағы қосымша ақылы қызметтер туралы таныстырды:

-Ағылшын- Сандыбай Алина Болатбекқызы
-Логопед- Жанбекеева Аружан Рустембекқызы
-Тұзды шахта-Жумабисова Тазанур Орынбасаровна
-Тазквандо-Курмангалиева Асел Сериковна
-Хореография-Әбубакір Дина

Ата-аналар ұсынылған үйірмелердің жұмыс кестесі мен төлем тәртібімен таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетін құру мәселесі қаралып, кандидатуралар ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша:

Балабақшаның шаруашылық қызметінің жоспары таныстырылып, оқу жылына арналған жұмыстар талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған даму стратегиясы мен жұмыс жоспары бекітілсін. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін іс-шаралар тұрақты бақылауда болсын.

Қосымша ақылы қызметтер (ағылшын тілі, логопед, тұзды шахта, тазквандо, хореография) ұйымдастырылсын.

Ата-аналар комитеті төмендегі құрамда бекітілсін:

Төраға: Нагишева Л.А.
Мүшелері: Садыкова Д.Р.
Шаруашылық қызметінің жоспары мақұлданын.

Жиналыс төрағасы: А.Т. Тажиданова А.Т.
Хатшы: З. Калиева Калиева З.

Бекітемін
ЖШС «NURSULTAN 7» ясли- сад»
бөбекжай балабақшасы
Балабақшасының меңгерушісі
Тажиданова А.Т.
«Nursultan 7»
ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
СТАНТОБЕ БИН 21084003005
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

ХАТТАМА №2

ЖШС «NURSULTAN 7» ясли-сад, бөбекжай балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысы
Өткізілген күні: 19 желтоқсан 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «NURSULTAN 7» ясли-бақшасының АКТ залы
Қатысқандар: 96 ата-ана
Қатыспағандар: жоқ
Төраға: Тажиданова А.Т.
Хатшы: Калиева З.

КҮН ТӘРТІБІ

Ата-аналарға білім беру бағдарламасы:
Бағдарламаны жүзеге асырудың ерекшеліктері.
Ата-аналарға білім беру бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері мен негізгі ережелері.
Ата-аналармен жұмыс формалары және бағдарламаны жүзеге асыру шеңберіндегі бірлескен іс-шаралар бағыттары.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Тажиданова А.Т. сөз сөйлеп, ата-аналарға білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірді. Бағдарламаның балаларды жан-жақты дамытуға, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші ата-аналарға білім беру бағдарламасының тұжырымдамалық негіздерімен таныстырды. Бағдарламаның негізгі қағидалары, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру жолдары жөнінде ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері таныстырылды:
ата-аналар жиналыстары;
ашық есік күндері;
кеңестер мен тренингтер;
сауалнамалар;
мерекелік және танымдық іс-шаралар;
бірлескен шығармашылық жұмыстар.
Сондай-ақ оқу жылы барысында өткізілетін бірлескен іс-шаралардың бағыттары талқыланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ата-аналар бағдарламаны қолдайтындарын білдіріп, балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты өз ұсыныстарын айтты. Балабақша мен ата-аналардың тығыз байланыста жұмыс істеуінің маңыздылығы атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Ата-аналарға білім беру бағдарламасы туралы ақпарат назарға алынсын.
Бағдарламаны жүзеге асыру барысында ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы күшейтілсін.
Жыл бойы жоспарланған бірлескен іс-шаралар тұрақты түрде өткізілсін.
Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға бағытталған кеңестер мен тренингтер ұйымдастырылсын.
Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығайтылсын.

Жиналыс төрағасы *Тажиданова А.Т.*
Хатшы: *Калиева З.*

Бекітемін
ЖШС «NURSULTAN 7» ясли- сад»
бөбекжай балабақшасы
Балабақшаның меңгерушісі
Тажиданова А.Т.

ХАТТАМА №3

ЖШС «NURSULTAN 7» ясли- сад, бөбекжай балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысы
Өткізілген күні: 13 наурыз 2026 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «NURSULTAN 7» ясли- сад, бөбекжай балабақшасы
Қатысқандар: 91 ата-ана
Қатыспағандар: жок
Төраға: Тажиданова А.Т.
Хатшы: Калиева З.

КҮН ТӘРТІБІ

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуы
Балабақшада балалардың танымдық дамуы бойынша жүргізілетін жұмыстардың мазмұны.
Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.
Үй жағдайында инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Тажиданова А.Т. мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуының маңыздылығы туралы баяндама жасады. Балабақшада балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қою, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың мазмұнымен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша:

Педагог-психолог балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ақпарат берді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындар, логикалық тапсырмалар, зерттеу әрекеттері мен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші ата-аналарға үй жағдайында балалардың танымдық белсенділігін арттыруға арналған инновациялық технологияларды пайдалану туралы кеңестер берді. Электрондық білім беру ресурстарын дұрыс пайдалану, дамытушы ойындарды қолдану және баланың қызығушылығын қолдау мәселелері қарастырылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ата-аналар балалардың танымдық қабілеттерін дамыту бойынша өз пікірлерін білдіріп, үй жағдайында қолданылатын әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы баланың жан-жақты дамуына оң әсер ететіні атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Балалардың танымдық дамуын жетілдіруге бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
Интеллектуалдық қабілеттерді дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жүйелі түрде қолданылсын.

Ата-аналарға балалармен үй жағдайында танымдық ойындар өткізу ұсынылсын.
Балалардың ақпараттық технологияларды қауіпсіз және тиімді пайдалануына бақылау күшейтілсін.

Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығайтылсын.

Жиналыс төрағасы: Тажиданова А.Т.
Хатшы: Калиева З.

ХАТТАМА №4

ЖШС «NURSULTAN 7» ясли-бақшасы сад, бөбекжай балабақшасы
Жалпы ата-аналар жиналысы
Өткізілген күні: 15 мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «NURSULTAN 7» ясли-сад, бөбекжай балабақшасының АКТ залы
Қатысқандар: 89 ата-ана
Қатыспағандар: жоқ
Төраға: Тажиданова А.Т.
Хатшы: Калиева З.

КҮН ТӘРТІБІ

2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның тәрбиелік іс-әрекетінің нәтижелері.
2025–2026 оқу жылындағы негізгі жалпы білім беру бағдарламасы бойынша балалардың білім беру салаларындағы даму мониторингінің қорытындылары.
Мектепке дейінгі мекеменің жазғы сауықтыру жұмыстары және келесі оқу жылындағы жұмысының болашағы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Тажиданова А.Т. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық ұжымның атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады. Балалардың тәрбиесі мен дамуына бағытталған іс-шаралардың нәтижелері таныстырылды. Жыл бойы өткізілген мерекелік, танымдық және тәрбиелік іс-шаралардың маңыздылығы атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші балалардың білім беру салалары бойынша даму мониторингінің нәтижелерімен таныстырды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бағыттарындағы жетістіктері туралы ақпарат берілді. Жыл басымен салыстырғандағы он өзгерістер көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Меңгеруші жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілетін жұмыстардың жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау, таза ауадағы ойындар мен сауықтыру шараларын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар келесі оқу жылына қойылатын міндеттер мен жоспарлар талқыланды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ата-аналар оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға оң бағаларын беріп, балабақша ұжымына алғыстарын білдірді. Балалардың жетістіктері мен дамуына ықпал еткен педагогтердің еңбегі ерекше атап өтілді. Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары жөнінде ұсыныстар айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
Балалардың даму мониторингінің қорытындылары назарға алынсын.
Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін.
Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары жазғы кезеңде күшейтілсін.
Келесі оқу жылына арналған міндеттер мен жұмыс бағыттары қолдау тапсын.
Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы Тажиданова А.Т.
Хатшы: Калиева З.